

Н. С. Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Бас бостандығынан заңсыз айыру қылмысының субъективті белгілері

Аннотация. Мақалада қылмыстық құқық теориясы мен қылмыстық заңнамада қылмыстың объектісі мен объективті жағын сипаттайтын қылмыс құрамының объективті белгілерімен қатар, қылмыстың субъектісі мен субъективті жағын сипаттайтын қылмыс құрамының субъективті белгілері қарастырылады және ажыратылады. Қылмыстың субъектісі және субъективті жағы кез келген қылмыс құрамының міндетті элементтері болып табылады. Олардың біреуінің болмауы немесе оларды сипаттайтын кез келген белгілерінің болмауы нақты қылмыс құрамының болмағандығын дәлелдейді және қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі жоқтығын білдіреді.

Қылмыстық құқықта қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын белгілерінің арасында: кінәні, мақсат пен ниетті ажырату қарастырылған. Осыған орай, кінә кез келген қылмыс құрамының субъективті жағының негізгі, міндетті белгісі болып табылады, ал мақсат пен ниет факультативті (қосымша) белгілер ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: заңсыз, субъективтік жағы, бас бостандығынан айыру, қылмыс, белгілер, абайсыздық.

Қылмыс жасаған адам әрекеттерінің белгілері қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде, қылмыстық құқықтық және криминологиялық тұрғыда маңызды болып табылатын теориялық және криминологиялық деңгейде екі жақты аспектіде қарастырылады.

Қылмыстық құқық теориясы мен қылмыстық заңнамада қылмыстың объектісі мен объективті жағын сипаттайтын қылмыс құрамының объективті белгілерімен қатар, қылмыстың субъектісі мен субъективті жағын сипаттайтын қылмыс құрамының субъективті белгілері қарастырылады және ажыратылады. Қылмыстың субъектісі және субъективті жағы кез келген қылмыс құрамының міндетті элементтері болып табылады. Олардың біреуінің болмауы немесе оларды сипаттайтын кез келген белгілерінің болмауы нақты қылмыс құрамының болмағандығын дәлелдейді және қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі жоқтығын білдіреді.

Қылмыстың субъектісі ретінде тек орындаушы ғана емес, сондай-ақ кез келген басқа қатысушы бола алады. Сәйкесінше, заңсыз бас бостандығынан айыруды адамдар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы, ұйымдасқан топ арқылы жасаса, онда бірнеше субъектісі бар осы қылмыстың сараланатын құрамы орын алады.

Қылмыстың субъективті жағы жасалған әрекеттің объективті белгілерінің субъектімен ұғынылуындағы көрінісі (көрініс мүмкіндігі) мен оларға субъектінің қатынасын сипаттайды.

Қылмыс құрамы туралы жалпы ілімге байланысты қылмыс құрамының субъективті жағы — бұл қылмыстық заңмен көзделген, тұлғаның осы құрамы бар жасалған әрекетіне психикалық қатынасын сипаттайтын жиынтық болып табылады. Ол тұлғаның әрекетке және оның салдарына психикалық қатынасының заңдық анықтамасын білдіреді.

Қылмыс құрамының субъективті жағы қылмыскердің санасы мен еркінің, онымен жасалған қоғамға қауіпті әрекеттің байланысын білдіреді.

Қылмыстық құқықта қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын белгілерінің арасында: кінәні, мақсат пен ниетті ажырату қарастырылған. Осыған орай, кінә кез келген қылмыс құрамының субъективті жағының негізгі, міндетті белгісі болып табылады, ал мақсат пен ниет факультативті (қосымша) белгілер ретінде қарастырылады.

Заң әдебиеттерінде кінәнің әртүрлі ұғымдары қарастырылған. Көптеген авторлар келесі анықтаманы келтіреді: кінә жасалған әрекетке психикалық қатынасты білдіреді, ал, нақтырақ

айтсақ, ол «қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті әрекет пен оның зардаптарына психикалық қатынасымен сипатталады.

Кінә қылмыстың субъективті жағының мазмұнын толығымен қамтымаса да, оның ядросы болып табылады. Сонымен қатар, қылмыс құрамының субъективті жағы себеп пен мақсат арқылы сипатталуы мүмкін. Олар заң шығарушымен қылмыс құрамына енгізілетін болса, онда олар нақты қылмыстық құрамның субъективті жағының міндетті белгілері болып табылады. Сәйкесінше, олардың болуы немесе болмауы жасалған қылмыстық әрекетті саралауға әсер етеді.

Ниет — мінез-құлық себебінің қалыптасуы мен туындау процесі. Ерікті әрекет өзінше бір саналы акт болып танылады.

Себеп — кез келген адамзаттық мінез-құлықтың, соның ішінде қылмыстың қозғаушы күші, ішкі қайнар көзі ретінде шығады. Оның негізінде адамның ләззат алуына бағытталған қажеттілігі бар.

Қылмыстың ниеті — субъект қылмыс жасау кезінде басшылыққа алған ішкі толғаныстары. Ниет барлық уақытта қасақаналыққа итермелейді. Ол бір немесе бірнеше ниеттер арқылы туындайды.

Ниет — мінез-құлық актісінің алдында жатқан алғашқы ынталандырғыш, қозғаушы себеп. Ол кезде мақсат мінез-құлықтың соңындағы ойша нәтиже секілді [1, 211].

Ниет мақсатпен өте тығыз байланысты, бірақ, бұл ұқсас ұғымдар емес. Олар ерікті процестің әртүрлі жақтарын сипаттайды. Ниет адам не үшін қандай да бір әрекетті жасайды деген сұраққа жауап береді. Мақсат қызмет бағытын анықтайды.

Мақсат — ниеттің өзіндік іске асырылу нысаны. Басқаша айтқанда, бұл алдына қойылған және талаптанған нәтиже. Қылмыстық құқықта мақсат болып кінәлі қылмыс жасау арқылы жетуге тырмысатын белгілі бір нәтиже. Қылмыстық ниет негізінде туындай отырып, мақсат онымен бірге субъектінің қылмыс жасаумен байланысты және оны жасау кезінде белгілі бір интеллектуалды және ерікті қызметі ретінде туындайтын кінәнің базасын құрайды.

Заңсыз бас бостандығынан айырудың субъективті жағы қарастырылып отырған қылмыс құрамының анағұрлым күрделі бекітілген элементі болып табылады. Мысалы, құқық қорғаушы органдардың қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама кезінде, сұралғандардың 70 пайызы, қарастырып отырған қылмыстың субъективті жағын осы қылмыс құрамының аса күрделі бекітілген элементі деп санайды. Бұл ең алдымен қылмыстың объективті жағдайын бекітуге қарағанда, адамның ойына, оның ішкі дүниесіне үңілудің аса күрделілігімен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 126-бабының 1 бөлігімен сараланатын заңсыз бас бостандығынан айырудың негізгі құрамының субъективті жағының міндетті белгісі болып — кінә табылады.

Біздің пікірімізше, қылмысты формальдық құраммен құрай отырып, заң шығарушы оларға қоғамға қауіпті зардаптарды қоспайды, міне сондықтан да ниеттің анықтамасы мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарда қысқартылып көрсетіледі. Бұл жерде ниет кінәлінің өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін білуі мен оны жасауды қалауы арқылы көрінеді.

Әрекет немесе әрекетсіздіктің қоғамға қауіпті сипатын ұғыну кінәлінің оның тек қана фактілік жағдайын ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік маңызын ұғынуды, яғни, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға онымен жасалған әрекет немесе әрекетсіздіктің зияны болатынын білдіреді.

Тұлғаның өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғыну оның құқыққа қайшы екендігін де білдіреді. Біздің пікірімізше, құқыққа қайшылық қоғамға қауіптіліктің көрінісі болып табылады. Сәйкесінше, кез келген құқыққа қайшы әрекет қоғамға қауіпті, бірақ, кез келген

қоғамға қауіпті әрекет міндетті түрде құқыққа қайшы болмайды. Құқыққа қайшы екендігін ұғыну үшін заң шығарушының оны заң формуласына қоспауы маңызды болып табылмайды.

Н. С. Таганцев: «Қасақаналық санадан басқа да жағдайларды ескереді, — деп жазады, — тәжірибелік қызметте біздің еркіміздің бағытталуын қалау азды-көпті болса да маңызды болып табылады. Әрбір кінәлілік еріктің кінәсі болып табылады» [2, 208].

Заңсыз бас бостандығынан айыру алдын ала ойластырылған ниетпен немесе кездейсоқ пайда болған ниетпен жасалуы мүмкін.

Кездейсоқ туындаған ниет қылмысты жасау ойының кенеттен туындауы мен оның тез арада орындалуға жатады. Мұндай ниеттегі қарастырылып жатқан қылмысқа кінәлімен басқа қылмыстың жасалуы жүреді, ал заңсыз бас бостандығынан айыру (мысалы, нәпсіқұмарлық мақсатпен) қылмыскер үшін ыңғайлылықтың кепілі болады. Осыған орай жәбірленуші ретінде кездейсоқ тұлғалар шығып жатады. Қарастырылып отырған қылмысты алдын ала ойластырылған ниетпен жасау, қылмыскердің жеке басын және оның іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін көтереді.

Алдын ала ойластырылған және кенеттен туындаған ниет туралы келтірілген ережелер тек криминологиялық маңызға ие болады. Алдын ала ойластырылған қасақаналық, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 126 бабы 2-3 бөліктеріндегі 1) тармақтарында бекітілген қылмыстық жауаптылық туралы мәселелер бойынша, қылмыстық-құқықтық маңызға ие. Кенеттен пайда болған ниет осы қарастырылып отырған қылмыс құрамы үшін маңызды емес, өйткені қылмысты саралауға әсер етпейді.

Заңсыз бас бостандығынан айырудың ниеттері әртүрлі болып келеді. Айта кететін болсақ: кек, бұзақылық ниет, қызғаныш, жәбірленушіні іскерлік келіссөздерге, кездесулерге қатысу мүмкіндігінен айыру және т. б. болып табылады. Осыған орай, заңсыз бас бостандығынан айыру кезіндегі себеп саралауға әсер етпейді, бұған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 126-бабы 2 бөлігінің 8) тармағы бойынша сараланатын пайдакүнемдікті қоспағанда.

Жоғарыда аталғандар, заңсыз бас бостандығынан айырудың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталатындығын білдіреді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 126-бабының 2 немесе 3 бөлігі бойынша сараланатын, осы қылмыстың субъективтік жағын талдаған кезде, оның мазмұнында кінәлінің қылмыс құрамының сараланатын белгісіне психикалық қатынасын қамтуымен көрінетіндігін ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 126-бабының 2 бөлігінің 3) тармағы бойынша саралану үшін, кінәлі: 1) ол адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету арқылы заңсыз бас бостандығынан айыруды жүзеге асырып жатқандығын түсінуі; 2) осындай жағдайда әрекет етуді қалауы қажет.

Біздің ойымызша, абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеліп соқтырған заңсыз бас бостандығынан айырудың субъективтік жағы ерекше талдауды талап етеді (ҚК 126 бабы 3 бөлігі 3) тармағы). Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 22-бабына сәйкес кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық әрекетті құрайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 126-бабы 3 бөлігі 3) тармағының заңдық тұжырымын басшылыққа ала отырып, біз, адам өлімі немесе өзге де ауыр зардаптар қарастырылып отырған қылмыстық әрекет бойынша саралау үшін, кінәлінің оған міндетті түрде абайсыздық қатынасы жағдайында орын алуы қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается субъективная сторона незаконного лишения свободы.

RESUME

The article deals with that group object in crimes against property are the property relations in general, including the right of the owner to possess, use and dispose of their property.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. — Алматы, 2015.
2. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / Под ред. С. М. Рахметова, И. И. Рогова. — Алматы, 2016.